

**Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының көлік жөніндегі комитеті директорының лауазымдық жалақысын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 маусым 1994 ж. N 616. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономикалық ынтымақтастық Ұйымы хатшылығының көлік жөніндегі техникалық комитеті директоры лауазымындағы Қазақстан Республикасы өкілінің айлық жалақысы Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Елшілігі экономикалық Кеңесшісінің жалақысы деңгейінде 1530 АҚШ доллары көлемінде белгіленсін.

2. Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Көлік және коммуникациялар комитетінің директорын 1994 жылы ұстауға жұмсалатын 30 мың АҚШ доллары және 10 мың теңге сомасында шығыс сметасы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған қаражатты 1994 жылғы республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының шетелдердегі өкілдіктерін ұстауға көздеген қаражат шегінде Республика Сыртқы істер министрлігіне бөлсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі